

«Өзгетілдік білім беру барысында екінші қайтара тілдік тұлға қалыптасуда когнитивтік және лингвомәдениеттанымдық тәсілдеме» тақырыбына Герфанова Эльмира Фиратовнаның диссертациялық зерттемесіне

АҢДАТПА

Зерттеу өзектілігі. Мемлекеттің зияткерлік әлеуетінің дамыту жолындағы негізгі факторы ретінде білім беру қоғамның қажеттіліктеріне, сонымен қатар нақты тұлғаның тілектеріне, оның өзіндік қасиеттерін дамытып және оның коммуникативтік қабілеттер деңгейін, тұлғааралық байланыстар тереңдігін, қоғамдық белсенділігін қалыптастырып бейімделеді. Елбасы Қазақстан Республикасының заманауи азаматын келесідегідей сипаттаған : «Біздің қоғамымыздың мұраты боп өз тарихын, тілін, мәдениетін білетін , сонымен бірге заманға сай келетін, шет тілдерін білетін, озық және ғаламдық көзқарастары бар қазақстандық болу керек» [1].

Сыртқы ортада орын алып жатқан барлық реформа мен өзгерістерге әрекет ететін ең сезімтал сала боп табылатын білім беру қазіргі таңда ғаламдану мен интернационалдандыру үдерістерінің әсерінен бір немесе бірнеше шет тілдерін жетік меңгеретін көптеген мамандарда қажеттілік туғызатындықтан мүлдем өзгереді және жетілдіріледі.

Өзгетілдік білім берудің басты мақсаты басқа лингвомәдениеттамдық қоғамдастықтар өкілдерімен тиімді қарым қатынас жасай алатын тілдік тұлға қалыптастыру боп табылады, ал нәтижесі ретінде адамның нағыз мәдениетаралық қарым қатынас жасай алу қабілеттілігінің көрсеткіші сияқты екінші қайтара тілдік тұлға қарастырылады. Бұл мәселені шешу барысында басты рөл алдарында келесідегідей жаңа міндеттер қойылатындай шет тілі оқытушыларды дайындау болып табылады: шет тілін мәдениетаралық коммуникация мүмкіншіліктерді есепке алумен оқыту, өз елі және оқытылып жатқан тіл елінің мәдениетін терең білу.

Өзгетілдік білім беру теориясында бірнеше бағыт қалыптасқан, бұның аясында екінші қайтара тілдік тұлға төмендегідей қарастырылады:

– адамның шет тілінде мәдениетаралық қарым қатынас жасай алу қабілеттіліктерінің жиынтығы(И.И. Халеева, Р.Г. Давлетбаева, Н.Д. Гальскова, Н.И. Гез);

– оқытылып жатқан тілде сөйлеушілердің тілдік және концептуалды әлемдік суретін меңгерілуінен шығатын адамның сипаттама жиынтығы(В.А. Маслова, О.А. Леонтович, Г.В. Елизарова, В.В. Красных).

Екінші қайтара тілдік тұлғаның бірінші баян етілуі қарастырылып жатқан ұғымды ұлттық-мәдени менталитетпен байланыстырмайды, ал екінші тәсіл бұл концептті адамға басқа әлеуметтік-мәдени шындықты түсінуге мүмкіндік беретін, оқытылып жатқан тілде сөйлеушілердің тілдік және концептуалды әлемдік суретін меңгерілуіне сай пайда болатын адамның сипаттама жиынтығы ретінде анықтайды. Бұл тәсіл мәдениетаралық деңгейдегі қарым қатынас тілдік және концептуалды әлемдік суретті басқаша

қабылдаумен күрделіленетіні жөніндегі идеяны негіздейді, ал екінші қайтара тілдік тұлғаның басты көрсеткіші ретінде әлдеқашан қалыптасқан мәдениетаралық- коммуникативтік құзыреттілік ұсынылады.

Осымен қатар бірнеше ғалымдар (С.С. Кунанбаева, В.В. Гудков және т.б.) тілдік ортадан тыс жағдайда екінші қайтара тілдік тұлға қалыптастыру процесінде кәміл нәтижеге жету, яғни басқа ұлттық-өзіндік әлеуметтік мәдениет иеленуші деңгейіне жету қол жетпейтін міндет боп табылады деп санайды. Дегенмен, біздің көзқарасымызға сай заманауи шет тілдік білім беру жағдайында жоғарғы оқу орында екінші қайтара тілдік тұлғаның негізгі ерекшеліктерін дамыту міндеттерін қоюға болады, яғни арнаулы лингвомәдени қоғамдастықтың күнделікті коммуникациясының әлеуметтік мәдени мәнмәтіне негізделген сөздікті пайдалану дағдылары мен іскерліктерін дамыту. Қазақстан Республикасында халықаралық байланыстарды кеңейту және тілдік ортаны реттеумен, сонымен қатар шет тілдерін терең оқытылумен сипатталатын жоғары білім интернационалдандыруды жандандыру салдарынан, мәдениетаралық деңгейде нағыз қарым қатынас жасауға даярлық пен икемін дамытуға мүмкіндік беретін жаңа әлеуметтік мәдени ортаны қалыптастыруына қолайлы жағдай пайда болғанын аңғаруға болады. Осыған орай, өзгетілдік білім беру практикасы мен теориясында екінші қайтара тілдік тұлғаны сапалы қалыптастырылуды қамтамасыз етуге үнделетін когнитивтік және лингвомәдениеттанымдық тәсілдер өзектілікке ие болып жатыр.

Мәдениеттанымдық компонентті өзгетілдік білім беру үдерісімен біріктіру мәселесіне көптеген отандық және шетел зерттеушілердің жұмыстары арналған(Т.Т. Аяпова, М. Byram, М. Bennet, Е.М. Верещагин, С.А. Вишняков, Н.Д. Гальскова, К. Deardorff, С. Kramersch, С.С. Кунанбаева, Д.Н. Кулибаева, А.А. Мироллюбов, Ж.С. Нарымбетова, Е.И. Пассов, П.В. Сысоев, И.И. Халеева, А.Т. Чакликова, Д.Б. Шаяхметова). Олар тегіс бір пікірмен мәденилік заманауи өзгетілдік білім берудің негізгі қағидасы болып табылатынына ерекше көңіл аударады. Ғылыми әдебиетте үйренушілердің когнитивтік дамыту жөніндегі сұрақтар зерттемелері Н.И.Алмазова, А.Ж. Досанова, И.А. Зимняя, С.С. Кунанбаева, Г.Е. Утебалиева, А.В. Щепилова сияқты зерттеушілердің жұмыстарында ұсынылады.

Алайда, шет тілдерін оқытуда когнитивтік және лингвомәдениеттанымдық тәсілдерді қолдану мәселесінің әзірленуіне қарамастан[2-20],қазіргі заманғы зерттеушілердің назарларынан осы тәсілдерді шет тілдері оқулықтарында іске асыру мәселесі алшақ боп тұр. Диссертациялық зерттеу барысында өткізілген ағылшын тілі оқулықтарының талдауы олар шет тілдерін оқытуда негізінде әлеуметтік мәдени тәсілдеріне бағытталғаны және лингвомәдениеттанымдық тәсілге шамалы көңіл бөлінетіні көрсетілген. Бұған қоса, қазіргі заманғы ағылшын тілі оқулықтарында когнитивтік компонент те нашар көрсетілген. Оқулықтың мәселесіне Г.К. Аскарова, И.Л. Бим, А.А. Булатбаева, М.В. Вятютнев, Д.Д. Зуев, Б.А. Койшибаев, Н.И. Тупальский, М.И. Полетаева, Л.М. Орбодоева, М.В. Якушев, М. Byram, М. Chen, А. Cunningsworth, F. Klickaya, К. Risager

сияқты көптеген ғалымдардың жұмыстары арналғанына айрықша көңіл аудару қажет. Әйтсе де, ғылыми әдебиетте шет тілдері оқулықтарында когнитивтік және лингвомәдениеттанымдық құрастырушы мәселесінің дамуы жөніндегі жұмыстары ұсынылмайды.

Осылайша, заманауи өзгетілдік білім берудің жаңа мақсаты - екінші қайтара тілдік тұлға қалыптастыру мен оның оқыту-әдістемелік қамтамасыз етілуі арасындағы әділ **қайшылықты** белгілеуге болады. Қазақстандық ғылыми әдебиет мәдениетаралық-бағытталған білім беру мәнмәтінінде Қазақстан Республикасының жоғары орындары үшін оқыту материалдарын орнықтыру сұрақтарын көтеретін **шамалығана** жұмыстар ұсынатынын айрықша баса айту қажет. Болашақ шет тілдері мұғалімдерінің дайындығы жиі оқытушылардың дидактикалық қажеттіліктерін қанағаттандырмайтын және қазақстандық қоғам реалияларын әлдеқашан ескермейтін шетел оқу құралдары мен оқулықтарынан алынатын материалдармен жүргізіледі. Бұған қоса, жоғарыда айтылғандай, қазіргі ағылшын тілі оқулықтары көбінесе оқытудың әлеуметтік-мәдени аспектіне бағытталған, ал өзгетілдік оқыту үдерісінің **когнитивтік және лингвомәдениеттанымдық** құрастырушыларына керекті назар аударылмайды. Бұндай жағдайда екінші қайтара тілдік тұлғаны халықаралық қарым қатынасты сапалы деңгейде жасауға дайын және икемді тұлға ретінде қалыптастыру толығымен іске асырылмайтыны анық, өйткені шет тілдері мен мәдениетті оқу кезінде лингвомәдениеттанымдық бірліктерді білу және іске асыру өте маңызды.

Бұл мәселенің теория мен практика жағынан дайын болмауы және екінші қайтара тілдік тұлға қалыптастыру теориясы оқыту-әдістемелік қамтамасыз етілу мәселесімен қатынаста болатындай арнайы зерттемелердің қажеттілігі шетел тілі оқулығы негізінде екінші қайтара тілдік тұлға қалыптастырудың лингвомәдениеттанымдық негіздеу мәселесін анықтады. Осыған орай, бүгінгі таңда жоғары оқу орындарына арналған дидактика жағынан заманға сай келетін шет тілдері оқулықтарында **қажеттілік** туды.

Шет тілдеріне арналған заманауи оқулық Жоғары оқу орнының түлегін мәдениетаралық барабар қарым қатынас жасауға қажет болатын лингвомәдениеттанымдық дағдылар мен іскерліктер кешенімен қамтамамыз етілуіне, сонымен қатар оқытылып жатқан өзгетілдік лингвомәдениеттің тұжырымдамалануына байланысты когнитивтік іскерліктердің дамуына бағытталуы тиіс.

Жоғарыда айтылған сұрақтарды шешу жолдарын іздеу біздің зерттеудің мәселесін құрастырады және келесі тақырыпты қалыптастырады: «Өзгетілдік білім беру барысында екінші қайтара тілдік тұлға қалыптасуда когнитивтік және лингвомәдениеттанымдық тәсілдеме».

Зерттеу **мақсаты** когнитивтік және лингвомәдениеттанымдық тәсілдеме негізінде болашақ шет тілі оқытушылардың екінші қайтара тілдік тұлғаларын қалыптастырудың әдістемелік моделін құрыстыру болып табылады.

Зерттеу **объектісі** болашақ шет тілі оқытушылардың екінші қайтара тілдік тұлғаларын қалыптастыру үдерісі болып табылады.

Зерттеу **мәні** өзгетілдік білім беру кезінде шет тілі оқулығы негізінде екінші қайтара тілдік тұлға қалыптастыру әдістемесі болып табылады.

Зерттеу **гипотезасы** болашақ шетел тілі мұғалімдерін даярлау процесінде екінші қайтара тілдік тұлға қалыптастырудың тиімділігі өсетінінен құрылады, **егер**:

– екінші қайтара тілдік тұлға қалыптастырудың әдіснамалық негіздеме ретінде шет тілдерін оқытуда мәдениетаралық коммуникациясы заманауи теориясының концептуалды негізін анықтайтын және әдістемелік ұстанымдары мен жүйелілігінің талаптарына сай болатын когнитивтік және лингвомәдениеттанымдық тәсілдер алдыңғы қатарға шықса;

– екінші қайтара тілдік тұлға қалыптастырудың нәтижесі ретінде үш компоненттің (аффективтік, когнитивтік және процессуалдық) өзара байланысында ұсынылатын мәдениетаралық- коммуникативтік құзыреттілік көрсетілсе;

– екінші қайтара тілдік тұлға қалыптастыру амалы ретінде когнитивтік-лингвомәдениеттанымдық талдау негізінде жетілдірілген және когнитивтік-лингвомәдениеттанымдық модулі басты бөлімі болып табылатын шет тілі оқулығы шықса;

– екінші қайтара тілдік тұлғаны қалыптастырудың әдістемелік моделі екінші қайтара тілдік тұлғаны қалыптастыру үдерісі тиімділігінің арттыруына бағытталған өзара байланысқан және шарттасқан компоненттерден құралған болса;

– **онда** екінші қайтара тілдік тұлға қалыптастыру үшін оның когнитивтік-лингвомәдениеттанымдық дамуын қамтамамыз ететін шет тілі оқулығының когнитивтік- лингвомәдениеттанымдық модулі арқылы қолайлы жағдай туады;

– **өйткені**, мәдениетаралық-бағытталған өзгетілдік білім беруді қамтамасыз ететін және заманауи мәдениетаралық-бағытталған шет тілдері оқулығының негізінде жататын әдістемелік принциптер, дәлірек айтсақ мәдениетаралық қарым қатынас жасау когнитивтік құрастырушысын есепке алу принципі , шет тілі мен мәдениетін оқыту процесінің коммуникативтік бағытталуын есепке алу принципі, мәдениет диалогы принципі, мәдениеттанымдық білім басым болу принципі, мәдени оппозиция принципі және мәдени варианттылығы принципі іске асады.

Зерттеу мақсаты мен гипотезасы келесі **міндеттерді** шешу қажеттілігін шарттады:

1) өзгетілдік білім беру кезінде екінші қайтара тілдік тұлға қалыптастырудың концептуалды базисы ретінде когнитивтік және лингвомәдениеттанымдық тәсілдерді негіздеу;

2) екінші қайтара тілдік тұлға қалыптастырудың көрсеткіші ретінде мәдениетаралық-коммуникативтік құзыреттіліктің сипаттауыштарын анықтау;

3) ағылшын тілі оқулықтарын талдау және когнитивтік-лингвомәдениеттанымдық модулі оқытудың пәндік мазмұн бірлігі ретінде (когнитивтік және лингвомәдениеттанымдық компоненттер) жетілдіру;

4) Когнитивтік-лингвомәдениеттанымдық модулі негінде шет тілі оқулығының басты түйіні болып табылатын екінші қайтара тілдік тұлға қалыптастырудың әдістемелік моделін дамыту және оның тиімділігін эксперименттік - істәжірибелік жұмыс негізінде тексеру.

Еңбектің теоретикалық- әдістемелік негізі болып қызмет еткен:

– қоғам, адам және мәдениет дамуының әлеуметтік-философиялық теориясы, ережелері және концепциялары (М.М. Бахтин, В.С. Библер, В.П. Казначеев, А.Н. Нысанбаев, З.К. Шаукенова);

– тіл және мәдениет өзара әрекеттесу теориясының негізгі ережелері және мәдениетті анықтау барысында когнитивтік тәсіл ережелері (Н.И. Алмазова, В.В. Воробьев, Е.М. Верещагин, В.Т. Клоков, Э. Сепир, Б.Л. Уорф);

– когнитивтік лингвистика саласындағы зерттеулер (И.А. Зимняя, Е.С. Кубрякова, С.С. Кунанбаева, А.А. Миролюбов, С.Ф. Шатилов);

– шет тілдерін оқыту теориясы ретінде когнитивтік тәсіл ережелері (Н.Д. Гальскова, Н.И. Гез, Д.Б. Гудков, А.В. Щепилова);

– лингвомәдениеттану саласындағы зерттеулер (Н.Ф. Алефиренко, З.К. Ахметжанова, В.В. Воробьев, В.А. Маслова);

– шет тілдерін оқыту теориясы ретінде лингвомәдениеттанымдық тәсілдің негізгі ережелері (М.К. Денисов, Г.В. Елизарова, Е.И. Пассов, В.В. Сафонова, Н.В. Сасина);

– тілдік тұлға теориясы (Г.П. Байгарина, Г.И. Богин, В.В. Виноградов, А.А. Залевская, Ю.Н. Караулов, М.М. Копыленко, Х.Х. Махмудов, Э.Д. Сулейменова, Н.Ж. Шаймерденова);

– екінші қайтара тілдік тұлға теориясы (Н.Д. Гальскова, Н.Д. Гез, И.И. Халеева);

– шет тілдері оқулықтарының мәселелері бойынша зерттеулер (А.Р. Арутюнов, Г.К. Аскарлова, И.Л. Бим, М.Н. Вятютнев, Д.Д. Зуев, М.И. Полетаева, М.В. Якушев);

– ақыл-ой әрекеттерін деңгейлік қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық концепциялары (Л.С. Выготский, П.Я. Гальперин);

– тілдік бірліктердің лингвомәдениеттанымдық болмыс концепциясы (З.К. Ахметжанова, В.В. Воробьев, Ш.К. Жаркынбекова, М.М. Копыленко, В.А. Маслова, М.В. Пименова);

– шет тілдерін мәдениетаралық-бағытталған оқыту теориясы және мәдениетаралық коммуникация теориясы (Т.Т. Аяпова, Н.Д. Гальскова, Т.Г. Грушевицкая, Ж.М. Досхожина, П.К. Елубаева, С.С. Кунанбаева, А.Р. Масалимова, Р.П. Мильруд, Ж.С. Нарымбетова, А.П. Садохин, В.В. Сафонова, А.Т. Чакликова, Д.Б. Шаяхметова, А. Fantini, К. Krashen, К. Nemtchinova);

– құзыреттілік туралы ілім (Л.Д. Давыдов, И.А. Зимняя, С.С. Кунанбаева, Г.М. Ракишева, Н.М. Стукаленко, А.В. Хуторской, W. Nutmaher, J. Raven).

Зерттеу көздері: мемлекеттік құжаттар – «Білім беру туралы» Заңы, «Қазақстан Халқы Ассамблеясы туралы» ҚР Заңы, Қазақстан

Республикасының Президенті – Елбасы Н.А. Назарбаевтың Қазақстан халқына «Қазақстан - 2050 Стратегиясы» жолдауы , Қазақстан Республикасының жоғары педагогикалық білім беру Концепциясы, Қазақстан Республикасының жаңа пікірді педагогтың үздіксіз педагогикалық білім беру Концепциясы ; «Педагог» кәсіби стандарты; зерттелген мәселе жөнінде отандық және шетел ғалымдарының ғылыми жұмыстары, Қазақстан және ТМД елдерінің мерзімдік басылымдары , ғылыми-практикалық конференциялар материалдары, оқу бағдарламалары мен оқу құралдары.

Қойылған міндеттерді шешу үшін келесі **зерттеу әдістері** қолданған:

– *теоретикалық*: өткізіліп жатқан зерттеу бойынша философиялық, психологиялық-педагогикалық, әдістемелік, лингвомәдениеттанымдық әдебиеттің отандық және шетел теоретикалық талдауы; отандық және шетел іс-тәжірибеде педагогикалық тәжірибені жалпылау және зерттеу; шет тілдері оқулықтарының салыстырмалы-салғастырмалы талдау;

– *эмпирикалық*: оқу үдерісінің мақсатты бақылау мен талдау, сауалнамалау тәсілі, тестілеу тәсілі, эксперименталдық-тәжірибелік оқыту тәсілі, статистикалық деректерді математикалық тәсілмен өңдеу.

Зерттеудің ғылыми жаңашырлығы келесіде:

– авторлық талдау құрылымы мен шетел тілі оқулықтарында когнитивтік және лингвомәдениеттанымдық тәсілдерді іске асыруды құрастыру көрсетілген;

– оқытудың пәндік мазмұны бірлігі ретінде когнитивтік-лингвомәдениеттанымдық модульдің құрылымдық құрамы анықталған;

– екінші қайтара тілдік тұлға қалыптастырудың кезеңдік, өзіне мақсатты, мазмұнды, ісәрекеттік және бағалау-нәтижелілік компоненттерді енгізетін әдістемелік модел жетілдірілген.

Еңбектің **теоретикалық** маңыздылығы келесіде құрылады:

– өзгетілдік білім беру барысында екінші қайтара тілдік тұлға қалыптастырудың әдіснамалық негізі ретінде когнитивтік-лингвомәдениеттанымдық тәсілдердің ғылыми негіздеуі жарық көрді;

– екінші қайтара тілдік тұлға қалыптасуы нәтижесі ретінде қарастырылатын мәдениетаралық-коммуникативтік құзыреттіліктің сипаттауыштары анықталды;

– «когнитивтік-лингвомәдениеттанымдық модуль» атты ұғымның анықталуы енгізілген.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы келесімен анықталады:

– когнитивтік-лингвомәдениеттанымдық тапсырмалардың жаңа кешені, сонымен қатар екінші қайтара тілдік тұлға қалыптасуына бағытталған жағдаятты талдаудың интерактивтік технологиялар ұсынылды;

– материалдары тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында апробацияланған, болашақ мәдениет және ағылшын тілі мұғалімдеріне арналған «Speak the culture» оқулығы жасалды.

Зерттеудің алынған нәтижелері шет тілі мен мәдениетті өзара байланыс оқыту үдерісін ұйымдастыру кезінде; заманауи өзгетілдік білім беру мәселесі бойынша бакалавриат, магистратура және докторантураның

теоретикалық курстарында; «Оқытылып жатқан елдің мәдениеті», «Когнитивтік лингвистика», «Лингвомәдениеттанымдылық» курстарында; шет тілдері оқулық пен оқу құралдарын құрастыру кезінде пайдалана алынады.

Қорғауға шығарылған зерттеудің **негізгі ережелері:**

1 Екінші қайтара тілдік тұлға құрастырудың әдіснамалық негізі когнитивтік және лингвомәдениеттанымдық тәсілдердің бірігуі болып шығады, олардың өзара байланысында шет тілі мен мәдениет арқылы мақсатты лингвомәдениеттанымдық социумның концептуалдық әлем суреті қалыптасады.

2 Екінші қайтара тілдік тұлғаның қалыптасуы аффективті -уәждемелік, когнитивтік және процессуалдық құрастырушылар жиынтығымен қоса мәдениетаралық-коммуникативтік компетенциялар сипаттауыштарымен өлшенеді. *Аффективті-уәждемелік* құрастырушы мақсатты лингвомәдениетті зерттеуге деген ынта мен қызығушылықты көрсетеді, *когнитивтік* құрастырушы зерттеліп жатқан лингвомәдениет туралы жүйелі біліктіліктердің бар болуына байланысты, *процессуалдық* құрастырушы үйренушінің өзгемәдениет ортада байланыс жасауға дайындық деңгейімен анықталады.

3 Шет тілі оқулықтарының когнитивтік-лингвомәдениеттанымдық талдау жасау негізінде құрылған когнитивтік-лингвомәдениеттанымдық модуль оқытудың пәндік мағынасы бірлігін көрсетеді және оның құрамы когнитивтік және лингвомәдениеттанымдық компоненттердің бірігуін анықтайды, сонымен бірге *когнитивтік компонент* лингвомәдениеттанымдық ақпаратпен жұмыс жасаған кезде когнитивтік-лингвомәдениеттанымдық жаттығуларды орындау, лингвомәдениеттанымдық ақпаратты когнитивтік-визуалдық тәсілдерінің түрлілігін көрсетуді қосу, мақсатты рефлексия дамуы арқылы когнитивтік біліктіліктің дамуын болжайды, ал *лингвомәдениеттанымдық компонент* оқу материалында мәдениет кезеңдерінің «терең» және «үстірт» ақпаратын қамтып көрсетуді және КЛ модулінің мазмұнына лингвомәдениеттанымдық бірліктерді бекіту мен пысықтауға бағытталған когнитивтік-лингвомәдениеттанымдық жаттығуларды қосуды болжайды.

4 Болашақ шет тілі оқытушылардың екінші қайтара тілдік тұлғаны қалыптастырудың әдістемелік моделі деп кезеңді ұйымдастырылған, төрт компоненттерден құрылған (мақсатты, мазмұнды, ісәрекеттік, бағалау - нәтижелілік) бүтінқұрылымды есептейміз.

Зерттеудің эксперименталдық базасы: Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті, филология мен педагогика факультеті (ағылшын тілі және оқыту әдістемесі кафедрасы).

Зерттеу кезеңдері.

Бірінші кезеңде (2016-2017) зерттелген мәселенің зерделенген жағдайы талдауға салынды, зерттеудің негіздерін анықтау жұмысы жүргізілді. Зерттеудің ұғымдық-когнитивтік аппаратын (зерттеу гипотезасы, зерттеудің

мақсат пен міндеттері, зерттеу әдістері, қорғауға шығатын ережелер және т.б.) дайындау және нақтылау үшін бастапқы теоретикалық ережелер анықталды.

Екінші кезеңде (2017-2018) 5B011900 «Шет тілі: екі шет тілі» білім бағдарламасы бойынша бакалаврларды дайындау кезінде пайдаланатын ағылшын тілі оқулықтарында когнитивтік және лингвомәдениеттанымдық тәсілдері іске асырылғаны жөнінде салыстырмалы-салғастырмалы талдау жасалды. Когнитивтік және лингвомәдениеттанымдық тәсілдері жағынан шет тілі оқулықтарын өзіндік құрастыру және талдау құрылымы ұсынылды. Когнитивтік және лингвомәдениеттанымдық тәсілдері негізінде екінші қайтара тілдік тұлға қалыптастырудың кезеңдік әдістемелік моделі жасалды, әдістемелік және жалпыдидактикалық принциптер кешендері анықталды, когнитивтік-лингвомәдениеттанымдық жаттығулар жүйесі жасалды және екінші қайтара тілдік тұлға қалыптастырудың кезеңдік біліктіліктер тізімдемесі анықталды.

Үшінші кезеңде (2018-2019) тұрақтандыру және қалыптастыру іс - тәжірибелері өткізілді, зертеу нәтижелерін талдау, түсіндіру және даярлау жұмыстары өткізілді, қорытынды тұжырымдалды.

Еңбектің пробациясы. Зерттеу нәтижелері және негізгі теоретикалық ережелері халықаралық және республикандық ғылыми-практикалық конференциялар, симпозиумдар және семинарларда талқыланды: «Қазақстанның үшінші модернизациясы: Әйел. Қоғам. Білім мен Ғылым» халықаралық ғылыми симпозиумы (Алматы, 21-22 сәуір 2017), «Ақмола облысында үштілділік саясатының даму болашығы» ғылыми-әдістемелік семинар (Көкшетау, 14 желтоқсан 2017), «Заманауи реалиялар мәнмәтініндегі филология және педагогика» халықаралық ғылыми-практикалық конференция (Қаскелен, 29-30 қараша 2017), «Transitions and Transformations – Intercultural Education at the Crossroad of Foreign Language Learning» оқыту методикасы және қолданбалы лингвистика бойынша 8-ші халықаралық конференция (Алматы, 10-11 мамыр 2018), «Language Education Today – Routes of Development» халықаралық форум-конференция (Екатеринбург, 14 маусым 2018), «3rd ICRTTEL-2018 – International Conference on Research in Teaching, Education & Learning» оқыту методикасы, білім және оқыту саласындағы зерттеулер бойынша 3-ші халықаралық конференция (Дубай, 1-2 қазан 2018), «Өзгетілдік білім беру: тәжірибе, инновациялар және болашақ» V халықаралық ғылыми-практикалық конференция (Алматы, 12-13 қараша 2018).

Диссертациялық еңбектің мазмұны автордың 17 басылымдарында, яғни Scopus базасына кіретін ғылыми басылымдарда - 1, ҚР БҒСБК БҒМ ұсынылған басылымдарда - 7, халықаралық ғылыми конференциялар материалдарында - 7, басқа басылымдарда - 2 бейнеленген.

Зерттеудің ғылыми нақтылығы зерттелген мәселеге қолданған тәсілдердің әдіснамалық және теоретикалық негізділікпен, автордың эксперименталдық-істәжірибелік нәтижелерімен, зерттеудің әрбір кезеңінің

міндеттеріне барабар тәсілдердің үйлесуін, зерттеу нәтижелерін сапалы және мөлшерлі талдау қолданысымен қамтамасыз етіледі.

Диссертация **құрылымы** алға қойылған міндеттермен, зерттеу логикасымен анықталады және кіріспе, екі бөлім, қорытынды, пайдаланған дереккөз және қолданбалы бағдарлама тізімінен тұрады. Еңбек сурет және кестелермен безендірілген.